

ХАТТАМА № 9

2023 жылғы 26 мамыр

Жаңаөзен ауылы

Директор жанындағы кеңес отырысы

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі,
мектеп психолог, сынып жетекшілер,
ӘБ жетекшілері.

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар және ата-аналардан қаражат жинауға тыйым салу туралы (мектеп директоры К.С.Байғалиев).
2. Оқулықтарды сыныптардан қабылдап алу (кітапханашы К.К.Кумарсағитова).
3. Мұғалімдер мен қызметкерлердің кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту туралы (меткеп директоры К.С.Байғалиев).
4. Жазғы демалыс кезінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау туралы (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева).

ТЫҢДАЛДЫ:

1. К.С.Байғалиев – меткеп директоры.

-Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі баланы бала кезінен тәрбиелеу болып табылады. Осыған орай мектеп бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар» жоспары жасалып, бекітіліп, жұмыс түрлері жүргізілуде. Жемқорлықты болдырмау мен алдын алуға арналған әрбір іс-шара мақсатты болып келеді.

Мақсаттары мен міндеттері: 1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту.

2. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату.

3. Оқу-білім үрдісінде оқушылар мен оқытушылар тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Әр мұғалім білуі тиіс:

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі.

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермей;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу. «Білім туралы» Заңының 8-бабы 2-тармақшасына сәйкес ақша жинауға жол бермеу мақсатында «Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақшалай қаражат жинауға тиым салу туралы» мектеп бойынша бұйрық шығып, таныстырылып, арнайы бұрыш жасалды. Мектептің бірінші қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білтіретін

арнайы «сенім жәшігі» ілінген. Бұл жәшікке енліп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп әкімшілігі және мектеп инспекторының қатысуымен алынып, жұмыс жүргізіліп, каралады.

Үнемі педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен жиналыс өткізіліп, хаттамалары жазылып отырады. «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықпен, бопсалауды» болдырмаудың алдын аду» тақырыбы бойынша «аналар», «әкелер» мектебі құрылып, жұмыстар жүргізілуде.

Мақсаты: Отбасындағы бала тәрбиесі туралы аналардың пікірін білу, талқыға салу. Әкелердің бала алдындағы жауапкершілігін арттыру. Күнделікті оқу процесінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып отырады. Білім беру ұйымдарында ата-аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында мұғалімдермен, сынып жетекшілермен үнемі жиналыстар өткізіліп, түсінің жұмыстары жүргізіліп тұрады.

2. К.К.Кумарсагитова – кітапханашы

-Оқу жылының тамыз айынан бастап арнайы құрылған кестеге сәйкес оқулықтар 1-4, 5-11 сыныптардың сынып жетекшілері арқылы оқушыларға оқулықтар таратылып берілді. Әр тоқсан сайын оқулықтардың күтіп ұсталуы бойынша рейд жүргізіліп, нәтижесі сынып жетекшілерінің назарына ұсынылады.

Оқулықтарды сыныптардан арнайы құрылған кестеге сәйкес оқу жылының соңында қабылданып алынуда. Оқулықтарды қабылдау кезінде күтіп ұсталуына қатаң назар аударылады.

3. К.С.Байғалиев – метеп директоры.

-Мұғалімдер мен қызметкерлердің кезекті еңбек демалысының кестесі құрылып, бекітілді. Барлық педагог және қызметкерлердің жазғы уақыттағы жұмыстарына байланысты күндері қарастырылған.

4. Г.Ж.Тагаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

-Жазғы демалыс келді. Балалардың демалып және сау болуы үшін, ата-аналамен, туыскандарымен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар ережелер мен талаптарды есте сақтау керек. Балалар бойына жеке қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастырыңыздар; балалармен жеке әңгіме жүргізіңіздер. Оларды ұстану өмірлерін сақтауы мүмкін. Баланың бос уақыты мәселесін ата-ана қарастыру қажет. Сол себепті ата-аналарға төмендегі ұсыныстарды беруге болады.

Қараңғы түскен уақыт пен түнде (22:00-ден 06:00-ге дейін) балалр мен жасөспірімдерге үлкендерсіз көшеде жүруге заңды түрде тыйым салынады. аӨз балаңыздың қайда, кіммен жүргені туралы үнемі біліп отырыңыз, барған орнын бақылаңыз; бөгде адамдармен сөйлесуге тыйым салыңыз. Балаңызға егер біреу оған қиянат жасағысы келсе, әрқашан кімге болса да «жок» деп айтуға толық құқығы барт екенін түсіндіріңіз; қандай жағдай болмасын танымайтын адамдардың көлігіне отыруға болмайтынын түсіндіріңіз; не болса да, балаңызға қандай жағдай болмасын оның болған оқиға туралы сіздің білуіңіз қажет екенін айтып, оған ашуланбайтыныңызды, оның жағында болатыныңыз туралы сендіріңіз. Құпияда ұстауға уәде берсеңізде, кейбір фактілерді құпияда ешқашан сақтауға болмайтынын түсіндіріңіз.

Судағы жүзу мен ойындар рақаттанғаннан басқа баланың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызады. Балаңыз суда болған уақытта одан кө алмаңыз, басқа нәрсеге алданбаңыз-сол сәттегі минут қайғылы жағдайға ұшырауы мүмкін, балаларға жалғыз суда шомылуға, сонымен қоса білмейтін жерде сүнгуге болмайтынын міндетті түрде түсіндіріңіз, балаларға қарап отырған ересек адамның өзі де жүзуді, алғашқы көмек көрсетуді білуі тиіс.

Жол-көлік оқиғасының құрбаны немесе себепші болмауы үшін, балаларға жолда жүру ережелерін үйрету қажет, жолда және қоғамдық көлікте мұқият болуды үйретіңіз;

балалармен ойын және спорт алаңында, жорыққа шыққанда абайлаңыз және қауіпсіздік талаптарын сақтаңыз; велосипедте балалармен жүру ережені жаттаңыз.

Отпен мұқият болыңыздар. Отпен мұқият болмағандықтан өрт жағдайларының кең тараған оқиғаларына балалардың назарын аударыңыз; баланың отпен сотқарлығы; сөндірілмеген көмірлер; саяжай мен орман жиегіндегі жер иелерінің коқысты жағулары; шөптерді өртеу; қысқа мерзімге тұйықталу; электротехникалық құрылғыларды, тұрмыстық құралдарды, пештерді пайдалану.

Балалар табиғаттан байқам және сөнгіш екенін есте сақтаңыз. Балаларда алаңғасарлық болатынына назар аударыңыз. Сондықтан, өзін ұстаудың онай ережелерін балалардың есіне жиі салуыңыз, олардың есте сақтап және оны қолдануына мүмкіндік береді.

Қаралған сұрақтар бойынша қабылданған қаулы:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар қарқынды жүргізіліп бақылауға алынсын.
2. Оқулықтарды сыныптардан қабылдап алу, мұғалімдер мен қызметкерлердің кезекті еңбек демалысы кестелеріне сәйкес жұмыс жүргізілсін.
3. Жазғы демалыс кезінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау бойынша жұмыс жүргізіліп бақылауға алынсын.
4. Қаулының орындалуы директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, мектеп психологі, сынып жетекшілеріне жүктелсін.

Төраға

Байғалиев К.С.

Хатшы

Мадыбаева А.О.

